

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан ерікті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 1-ші бет
---	--	--	--------------------

БЕКІТІЛДІ
«Виктория» СК» АҚ
Директорлар кеңесі
2024 жылғы «04» сәуір
№11 Хаттама

«СК «ВИКТОРИЯ» СК» АҚ
ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИГАЛАРДАН ЕРИКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ

Алматы қ., 2024 жыл

 САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан еркіті сақтандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 2-ші бет
--	--	--	--------------------

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИ4
3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА5
4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ5
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ6
6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНАН ТЫС ОҚИФАЛАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ ..	.8
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ МЕРЗІМІ МЕН ҚОЛДАНЫС ОРНЫ10
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ10
9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛДЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ12
10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРИ13
11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТАЙЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ14
12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТЕРИ15
13. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ17
14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҚЫ19
15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ20
16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ20
17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР20

 САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 3-ші бет
--	--	--	--------------------

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Бұл Жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Занына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес өзірленді және ерікті сақтандыру саласындағы туындаған құқықтық қатынастарды реттейді, оны жүргізудің экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.
- 1.2. Осы Ереженің шарттарымен «Виктория» Сақтандыру компаниясы АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыруши) заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) немесе әрекет істеуге бейім жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтанушы) Жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі мәтін бойынша Сақтандыру шарты) жасау арқылы жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.
- 1.3. **Жазатайым оқиғадан сақтандыру, ауру және (немесе) денсаулықтың басқаша бұзылуына байланысты тәуекелдерді сақтандыруды қоспағанда, жазатайым оқиғасының, кәсіби ауруды нәтижесінде сақтандырылуши қайтыс болған, (жалпы немесе кәсіби) еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан (толығымен немесе ішінара) немесе денсаулығына басқалай зиян келген жағдайда сақтандырылушиның шығындарын тіркелген сомада және (немесе) ішінара немесе толық көлемде өтеу үшін сақтандыру төлемін төлеуді қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.**
- 1.4. Осы Ережеде пайдаланылатын негізі түсініктер:
- 1) Сақтандыру ережесі – сақтандыру ұйымының сақтандыру сыныбы (түрі) бойынша сақтандырудың шарттарын белгілейтін құжаты;
 - 2) сақтандыру шарты – сақтандырушы мен сақтанушының арасында осы Ережемен айқындалатын шарттармен жасалатын шарт. Сол шартқа сәйкес сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған жағдайда сақтанушыға (пайда алушыға) Шартта белгіленген сақтандыру сомасының шегінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттеннеді;
 - 3) сақтандыру полисі – сақтандырушы сақтанушыға (сақтандырылушиға) беретін, сақтандыру шартының жасалғанын растайтын атаулы құжат;
 - 4) сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе соның пайdasына шарт жасалған басқа тұлғаға (пайда алушыға) шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлғағана Сақтандырушы бола алады;
 - 5) сақтанушы – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасаған тұлға;
 - 6) сақтандырылуши – соған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Жасына қарамастан кез келген жеке тұлға Шарт бойынша Сақтандырылуши бола алады. Егер Шартта басқалай қарастырылмаған болса, Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылуши да болып табылады;
 - 7) пайда алушы – сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
 - 8) сақтандырылған тәуекелдер – сақтандыру шартында көрсетілген, ықтималдық және кездейсоқтық белгілері, солардың күтпеген жағдайда басталуы сақтандырылушиның өміріне, денсаулығына зиян келтіруі немесе өліміне себеп болуы мүмкін оқиғалар;
 - 9) сақтанушының өтініші – сақтанушының жазбаша рәсімделген, сақтандыру обьектісі мен тәуекелдің сипаты жазылған құжат;
 - 10) жазатайым оқиға – адамның еркіне қарамастан, сыртқы механикалық, электр, химиялық немесе жылулық ықпалдың нәтижесінде сақтандырылушиның ағзасына әсер ететін, денсаулығына зиян келтірген немесе өлімге алып келген, кенеттен, қысқа мерзімде орын алған оқиға.

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 4-ші бет
--	--	--	--------------------

Сипаты, уақыты және орны бірмәғиналы белгілі болмайтын сыртқы факторлардың бір сәттік, кенеттен ықпал ету – жазатайым оқигаға жатады: табиғаттың дүлей құбылыстары, жарылыс, қую, ұсу, суға бату, электр тогының әрекеті, наизағай соғу, құн өту, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы іс-қимылдары, жануарлардың шабуылы, жылан шағу, жәндіктердің шағуы, қандай да бір заттардың немесе сақтандырылушының өзінің құлауы, сонымен қатар көлік құралының (автомобіль, пойыз, трамвай және т.б.) қозғалысы/көлік құралын пайдалану кезінде, машиналарды, механизмдерді, құрал және басқа түрлі құрал-саймандарды пайдалану кезінде алған жарақат.

Жіті, созылмалы және түкым қуалайтын аурулардың кез келген формалары (оның ішінде инфаркт, инсульт және түкым қуалайтын патологияның немесе аурудың асқынуының нәтижесінде туындаған патологияның салдарынан туындаған органдардың басқа да кенеттен зақымдануы), анафилактикалық шок, сондай-ақ жүқпалы аурулар, тағамнан улану, және кәсіби аурулар – жазатайым оқигаларға жатпайды;

11) мүгедек бала – 18 жасқа толғанға дейін жарақаттың, соның салдарларының себебінен ағзаның қызметі қатты бұзылуудың, өмір тіршілігін шектеуге алып келудің, атап айтқанда адамның өзіне-өзі қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, бағыт алу, сейлесу, өзінің іс-қимылдарын бақылау, оқып-үйрену және еңбек ету қабілетін немесе мүмкіндігін толығымен немесе ішінара жоғалтуудың салдарынан денсаулығында ақаулары бар тұлға;

12) кәсіби ауру – еңбектің жағымсыз шарттарының, өндірістің зиянды факторларының және жұмыс орнындағы кәсіби зияндылықтың ықпалының нәтижесінде туындастырылған аурулар тобы;

13) сақтандыру төлемі – сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасының шегінде сақтанушыға (пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;

14) сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін төлеу міндеттемесін қабылдағаны үшін сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;

15) сақтандыру сомасы – сақтандыру объекті сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

16) сақтандыру жағдайы – Сақтандыру ережесінде және Сақтандыру шартында көзделген және орын алған, сол оқиға басталған кезде сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша сақтанушыға немесе соның пайdasына сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға сақтандыру төлемін төлеу міндетті туындаған оқиға;

17) сақтандыру аумағы – сақтандыру шарты бойынша сақтандыру корғанысының әрекеті таралатын аумақ.

1.5. Сақтанушының кез-келген құқыққа қайшы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

1.6. Сақтанушының немесе оның өкілінің сақтандыру шартында қойылған қолы – осы Ережемен толығымен келіскеңін растайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИ

- Жазатайым оқигасының басталуы салдарынан сақтандырушының (сақтандырылушының) еліміне, (жалпы немесе кәсіби) еңбекке қабілеттілігін (толығымен немесе ішінара) жоғалтуына немесе сақтандырылушының денсаулығына басқалай зиян келуіне байланысты мүліктік мүддесі – сақтандыру объекті болып табылады.
- Балаға қатысты сақтандыру шартын әрі баланың әке-шешесі, әрі баламен туыстық қатынасы бар немесе туыстық қатынасы жоқ кез-келген басқа жеке тұлға, сондай-ақ занды тұлға жасауына болады.
- Егер сақтандыру шартының шарттары бойынша сақтанушы болып саналмайтын сақтандырылушыға белгілі-бір міндеттер жүктелсе, сақтанушы сақтандыру шартын жасау туралы сақтандырылушының келісімін алуы тиіс. Топтық иесіз сақтандыру кезінде сақтандырылушы ретінде көрсетілетін үшінші тұлғаның сақтандыру шартын жасау туралы келісімі талап етілмейді. Егер сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса,

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 5-ші бет
--	--	--	--------------------

сақтанушы – пайда алушы болып табылады. Егер сақтанушы сақтандырылуши емес болса, онда сақтандырылуши пайда алушы болуы тиіс немесе пайда алушы сақтандырылушиның жазбаша келісімімен тағайындалады.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.

- 3.1. Жазатайым оқигалардан сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы Тараптардың келісімімен белгіленеді.
- 3.2. Сақтандыру шартымен келесілер белгіленуі мүмкін:
 - 1) жауапкершіліктің ортақ шекті көлемі – мұндай жағдайда барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде сол көлемнен аспауы тиіс;
 - 2) әрбір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі;
 - 3) әрбір Сақтандырылуши немесе Сақтандырылушилар тобы бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі.
- 3.3. Сақтандыру шартында франшиза көзделуі мүмкін –мөлшері мен түрі тараптардың келісімі бойынша сақтандыру сомасының әрі абсолют мәнінде, әрі пайыздарымен белгіленетін залалдардың бөлігін өтеуге сақтанушының өзі қатысуы. Мұндай жағдайларда франшиза Сақтандыру шартында көрсетіледі.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

- 4.1. Сақтандыру шарты бойынша төлеу тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін белгілейтін, сақтандыру объектісін, сақтандыру тәуекелінің сипатын, сақтандырылушиның жасын, кәсібін, денсаулық жағдайын, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу тәуекелінің дәрежесіне ықпал ететін басқа да факторларды есепке ала отырып сақтандыру сомасынан ұсталатын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақылары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді. Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасымен есептесу жағдайлары, тәртібі және шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.
- 4.2. Сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге жасалуы мүмкін. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақыларының келесідей мөлшерлері белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-мен
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам	100,0

- 4.3. Сақтандыру сыйлықақысын сақтанушы біржолғы төлеммен немесе мерзімдік сақтандыру журналары түрінде бөліп, қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз есептесулер арқылы төлейді.
- 4.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, бір жылдан аз мерзімге жасалған Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы біржолғы төлеммен төленеді.

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқиғалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 6-ші бет
--	--	--	--------------------

- 4.5. Тарифті есептеу үшін сақтанушылар (сақтандырылушилар) №1 Қосымшаға сәйкес қызмет түріне немесе кәсіби тәуекелге қарай шартты түрде санаттарға біріктірілген.
- 4.6. Егер сақтандыру сыйлықақысы немесе алғашқы сақтандыру жарнасы мерзімінде төленбесе, онда сақтандырушы Сақтандыру шартын сақтандыру сыйлықақысы төленбеген күннен бастап мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер сақтандыру жағдайы басталған сәтке дейін сақтандыру сыйлықақысы (алғашқы сақтандыру жарнасы) әлі де төленбеген болса, сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатылады және көрсетілген кезеңде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершіліктен босатылады. Бұл орайда сақтандырушының сақтанушыға жазбаша хабарлама жіберуі талап етілмейді.
- 4.7. Егер сақтандыру жағдайы төлеуді кешіктіріп белгілі бір сақтандыру жарнасын (сақтандыру сыйлықақысын) төлегенге дейін басталған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілеу кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) сомасын есепке алуға құқылы.
- 4.8. Егер келесі сақтандыру жарнасы уақытылы төленбесе, онда сақтандырушы сақтанушыға белгілі бір сақтандыру жарнасын төлеу үшін 15 (он бес) күнтізбелік күннен аз болмайтын мерзім белгілеуге, сол мерзім аяқталғаннан кейін басталатын құқықтық салдарды көрсетуге немесе сақтандыру шартын біржақты тәртіpte мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.
- 4.9. Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлемеүіне байланысты сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзыу сақтанушыны сақтандыру қорғанысы қолданыста болған және сақтандырушы өз міндеттемелері бойынша сақтанушының алдында кезең үшін сақтандыру сыйлықақысын төлеу міндетінен босатпайды.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

- 5.1. Осы Ережеге сәйкес сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде сақтанушының (сақтандырылушиның) өміріне немесе денсаулығына зиян келу – сақтандыру жағдайы деп танылады.
- 5.2. Егер сақтандырылушиның өміріне немесе денсаулығына зиян келу сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде және айтылған сақтандыру аумағында орын алған және төмендегідей жағдайларға алып келген болса, онда оқиға сақтандыру жағдайы деп танылады:
- 1) жазатайым оқиғаның нәтижесінде сақтандырылушиның қайтыс болуы;
 - 2) жазатайым оқиғаның нәтижесінде сақтандырылушиға I немесе II топтағы мүгедектік белгілену;
 - 3) жазатайым оқиғаның нәтижесінде сақтандырылушиға «мүгедек бала» санаты белгілену;
 - 4) жазатайым оқиғаның нәтижесінде алған жарақат;
 - 5) кәсіби ауруды қоспағанда, жазатайым оқиғаның нәтижесінде сақтандырылушиның өміріне/денсаулығына келген басқа зиян.
- 5.3. Көзделген оқиғалар, егер олар жазатайым оқиғаның салдары болып табылған және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte құзырылы органдар (медициналық мекемелер, сottар және т.б.) берген құжаттармен расталған кезде ғана сақтандыру жағдайы болып танылады.
- 5.4. Жазатайым оқиғаларға: жаракат – жарапал алу, созылу, жаралану, сыну, ағзаның жыртылуы немесе сіңірлердің үзілуі, әдеттегі шығуды қоспағанда буындардың шығуы (кішігірім физикалық талпыныстың салдарынан немесе буындағы қандай да бір қозғалыс кезінде көп рет туындаған), күю, ұсу, ыстық өту, күн өту, суға бату, ағзаның үсіп қалуы, тыныс жолдарына бөтен заттың тұрып қалуынан тұншығу, электр тогы немесе найзағай соғу; жануарларға, жәндіктерге (энцефалит кенесін қоспағанда) жақындаудың нәтижесінде алған жарақаттар жатады.
- 5.5. Тараптардың келісімі бойынша жекелеген (базалық тарифке есептелген коэффиценттен асатын) сақтандыру сыйлықақыларына сақтандыру өтемақысына келесілер енгізілуі мүмкін:

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқиғалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 7-ші бет
--	--	--	--------------------

- 1) энцефалит кенесінің шағуы;
- 2) көп қан жоғалту;
- 3) анафилактикалық шок;
- 4) миокард инфаркты, инсульт;
- 5) тасымалдау;
- 6) эвакуация;
- 7) репатриация.

- 5.6. Сақтандыру шарты төменде көрсетілген жазатайым оқиғалардың бірінің салдары басталған кезде сақтандыру төлемін төлеу бойынша сақтандырушының міндеттінің туындаудың қарастыратын шарттармен жасалуы мүмкін:
- 1) тек өндірісте ғана, дәлірек айтқанда жұмыс уақыты ішінде жұмыс орнында немесе іссапар кезінде, немесе жұмыс берушінің немесе ұйымның лауазымды тұлғасының тапсырмасына байланысты болуы енбек немесе басқа міндеттерін орындаумен негізделген басқа жерде;
 - 2) сақтандырылушының лауазымдық (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде немесе лауазымдық (қызметтік) міндеттерін орындастын жерге баар жолда болған уақытта ғана;
 - 3) тек түрмистық жағдай ғана;
 - 4) тәулігіне 24 сағат (кешенді);
 - 5) оқу барысында (оқу/мектепке дейінгі тәрбие мекемесінде болған кезенге);
 - 6) балалар (жасөспірімдер) сауықтыру лагерінде болған кезенге;
 - 7) саяхатқа (жорыққа) шықкан кезге;
 - 8) мектеп демалысы кезеңіне;
 - 9) спорт жарыстарына дайындық және/немесе жарысқа қатысу кезеңіне;
 - 10) сақтандырылуши авиаерейс жолаушысы ретінде ұшакпен ұшқан уақытқа;
 - 11) шетелге жол жүру уақытына;
 - 12) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа жағдайларға.
- 5.7. Туа біткен, тұқым қуалайтын және кейіннен шалдыққан аурулардың (оның ішінде кәсіби аурулардың) кез-келген формалары, жіті, жұқпалы, созылмалы және басқа аурулардың кез-келген формалары, тұқым қуалайтын паталогиядан немесе аурудың асқынуының нәтижесінде туындаған органдардың ауруы, содай-ақ солардың салдары сақтандыру жағдайына жатпайды.
- 5.8. Сақтандыру шартында жол жүру шығындарын өтеу қарастырылуы мүмкін:
- 1) сақтандырылушының сақтандыру шартында айтылған аумақ шегіндегі жақын ауруханалардың біріне бару үшін;
 - 2) сақтандырылуши тұратын елдің ең жақын халықаралық портына сақтандырылушының рейстегі көлікпен (эконом-класс) жетуі (эвакуация) үшін. Эр нақты жағдайда эвакуациялау және көлік құралын таңдау туралы шешімді сақтандыруши және жергілікті емдеуші дәрігер қабылдайды;
 - 3) Сақтандырылуши жазатайым оқиғаның нәтижесінде мерт болған жағдайда оның мүрдесін (қалдықтарын) ол болған елден сақтандырылуши шетел сапарына (репатриация) шыққан халықаралық портқа дейін рейстегі көлікпен жеткізу, оған Сақтандырылушының мүрдесін (қалдықтарын) жерлеуге және жаназа асына байланысты шығындарды қоспағанда, мүрдені дайындау және халықаралық тасымалдау үшін қажет табытты сатып алуды қоса.
- 5.9. Сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыруши немесе оның өкілетті өкілі үйимдастырмаған және сақтандырушымен алдын ала келісілмеген эвакуациялау немесе емдеу мекемесіне (бір емдеу мекемесінен басқа емдеу мекемесіне) тасымалдау бойынша шығыстары өтелмейді. Егер сақтанушыны (сақтандырылушыны) эвакуациялау төтенше жағдайларға байланысты орын алған болса, немесе сақтанушының (сақтандырылушының) алғашқы белгілі бір емделу орны бойынша болуы онда қажетті құралдардың және/немесе

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 8-ші бет
--	--	--	--------------------

жабдықтардың болмауына байланысты оның өміріне (денсаулығына) тікелей қауіп төндірген болса, бұл ереже қолданылмайды.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНАН ТЫС ОҚИҒАЛАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

- 6.1. Сақтанушының кез-келген құқыққа қайшы мүдделері өтеуге жатпайды.
- 6.2. Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданысы басталған сәтке төменде көрсетілген санаттардың біріне жататын тұлғага немесе тұлғага қатысты сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы:
 - 1) егер сақтандыру шартында басқа шарттар арнайы қарастырылмаған болса, 1 жасқа дейінгі балалар және 65 жастан үлкен адамдар;
 - 2) сақтандыру шартын жасау сәтіне дейін мүгедектік белгіленген, (жалпы немесе кәсіби) еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан (толығымен немесе ішінара) дәреже және/немесе кәсіби ауру белгіленген адамдар;
 - 3) мүгедек балалар;
 - 4) сал болған адамдар;
 - 5) уытты мастану мақсатында есірткі, уытты заттар қолданатын/қолданған адамдар;
 - 6) маскунемдікке салынған адамдар;
 - 7) жүйке және психикалық аурулары бар, соған байланысты психоневрологиялық диспансерде есепте тұратын/тұрған адамдар;
 - 8) алкогольден, есірткіден немесе психотроптық заттардан мастанудың (кез-келген дәрежедегі) нәтижесінде жарақат алған немесе аурулары, немесе аурудың салдары бар/болған адамдар;
 - 9) қасақана өз денесіне зақым келтірген, оның ішінде өзіне қол жұмсаған адамдар;
 - 10) психикалық табиғаты бар аурулармен, эпилепсиямен, дегенеративтік-дистрофиялық және жүйке жүйесінің демиелендеуіші ауруларымен байланысты жарақат алған немесе соларға байланысты туындаған аурулары немесе аурулардың салдары бар/болған адамдар;
 - 11) егер сақтандыру шартында арнайы айтылмаған болса, Қазақстан Республикасының құзырлы органдары әрекетке қабілетсіз деп танылған басқа адамдар.
- 6.3. Егер сақтандыру шарты осы Ережениң 6.2. тармағында көрсетілген тұлғалардың біріне қатысты жасалғаны немесе сақтандырылуышының жасы сақтандыру шартының қолданысы аяқталатын сәтке 65 жастап асып кететіні белгілі болса, онда мұндай сақтандыру шарты сол адамға қатысты жасалған сәттен бастап жарамсыз деп танылады. Сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың салдары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.
- 6.4. Тараптардың келісімі бойынша (ерекше жағдайларда) келісілген сақтандыру сомасының шенберінде сақтандыру шарты жекелеген сақтандыру сыйлықақысы үшін 1 жасқа толмаған балаларға және 65 жастан үлкен кісілерге қатысты жасалуы мүмкін. Ондай жағдай сақтандыру шартында келіследі.
- 6.5. Төменде көрсетілген жағдайларда алған жарақаттар мен жазатайым оқиғалардың салдары сақтандырумен өтелмейді:
 - 1) қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтанушының, сақтандырылуышының сақтандыру жағдайын туғызуға бағытталған немесе сақтандыру жағдайының басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;
 - 2) сақтанушының, сақтандырылуышының заңнамалық актілермен белгіленген тәртіpte қасақана қылмыстық немесе экімшілік құқық бұзушылық деп танылған сақтандыру жағдайымен себепті байланысты әрекеттері;
 - 3) анафилактиялық шок;
 - 4) егер сақтанушы және/немесе сақтандырылуыш сақтандыру шартын жасау кезінде ол жөнінде сақтандырушуға хабарламаған және ол факті шартта тіркелмеген болса, сақтандырылуышының тәуекел деңгейі жоғары спорт түрлерімен айналысыуы, оған жарыстар мен жаттығуларды (автомотоспорт, ат спортының кез-келген түрі, әуе

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқиғалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 9-ші бет
---	--	--	--------------------

спортының түрлері, альпинизм, жекпе-жек күресі, су астында жүзу, атыс, тау шаңғысы және т.б.), аңшылықпен айналысады қоса;

5) егер сактандыру шартында басқа шарттар қарастырылмаған болса, сактандырылушиның әскери іс-қимылдарға, оқу-жаттығуларға, әскери техниканы сынауға немесе басқа да соған ұқсас операцияларға әскери немесе азаматтық қызметші ретінде қатысуы және т.с.с.;

6) сақтанушының, сақтандырылушиның, пайда алушының алкогольдік, уытты немесе есірткелік заттардан немесе дәрі-дәрмектің немесе психотроптық заттардың әсерінен мас халде жасаған әрекеттері;

7) медициналық манипуляциялар.

6.6. Төменде көрсетілген жағдайлардың нәтижесінде сақтандырылушиның өміріне немесе денсаулығына келген зиян сақтандыру жағдайы деп танылмайды:

1) кез-келген формадағы ядролық қуаттың әсері;

2) әскери іс-қимылдар, қарулы соқтығыстар, басқа соларға ұқсас немесе соларға теңелген оқиғалар (соғыс жарияланған ба немесе жоқ па, оған қарамастан);

3) азаматтық соғыс, адамның денсаулығына зиян келтіретін қару, оқ-дәрі, басқа да қару түрлерін қолданып, жүзеге асырылған террорлық акті, диверсиялық қызмет, лаң, бүлік, билікті басқалай түрде заңсыз басып алу, бүліншілік, локаут, ереуіл, басқа түрдегі халық толқулары;

4) сақтандырылушиның өндіріс орнында қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, сондай-ақ тұрмыстық жағдайда жалпыға қабылданған іс-қимылдардың нормасын сақтамауы;

5) апоплексикалық соққы, эпилептиялық қояншығы ұстая немесе басқа түрдегі қояншығы ұстая, конвульсиялық ауру ұстамасы;

6) өзіне қол жұмсау (өзіне қол жұмсауға тырысу) немесе дene мүшесін закымдау;

7) жазасын өтеу немесе тергеу астында болған кезеңде бас бостандығынан айыру орындарында болу;

8) тікелей немесе жанама түрде психикалық аурудың салдарынан қайтыс болуы, егер психикалық ауруға шалдыққан сақтандырылушымен болған жазатайым оқиғасы оның өліміне әкеп соқтырған болса және ол жазатайым оқиғасы сәтінде ессіздік халде болған болса;

9) түрлі бәстесулерге, конкурстарға және т.с.с. қатысу;

10) дәрігердің тағайындауынсыз дәрі-дәрмектер ішу немесе қандай да бір медициналық процедураударды қабылдау.

6.7. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы үшін келесілер де негіз болуы мүмкін:

1) сақтанушының (сақтандырылушиның, пайда алушының) сақтандырушыға сақтандыру объекті, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы әдейі жалған мәліметтерді хабарлауы;

2) сақтанушының сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайту шараларын қасақана қолданбауы;

3) сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуде және сақтанушыға келген залалдың мөлшерін анықтауда сақтанушының сақтандырушыға кедергі жасауы;

4) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау/уақытылы хабарламау;

5) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға талап ету құқығының өтуі үшін қажет құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі төленіп қойған болса, сақтандырушы оны толығымен немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы.

6.8. Егер сақтандыру шарты заңды құшіне енуден бұрынғы 12 ай ішінде сақтандыруши медициналық мекемеге жүгінген болса немесе соңынан кәсіби ауру деп белгіленген

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 10 -ші бет
--	--	--	-------------------------

ауруға шалдығына қатысты медициналық мекемеде есепте тұрған болса, оқигалар сактандыру жағдайы деп танылмайды.

- 6.9. Осы Ережеде көзделген дәлелдер бойынша сақтандырушыны сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден азат ету – бір мезгілде оны пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуден де азат етеді.
- 6.10. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, Сақтандыру шартының ережелерінде сақтандыру төлемін төлеуден бас тартудың басқа да негіздемелері көзделуі мүмкін.
- 6.11. Дауды Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жайлы сотқа шағымдануға болады.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ МЕРЗІМІ МЕН ҚОЛДАНЫС ОРНЫ

- 7.1. Сақтандыру шарты 12 (Он еki) ай мерзімге жасалады. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шарты осы Ереженің 4.2. тармағын есепке ала отырып, он еki айдан аз мерзімге жасалуы мүмкін.
- 7.2. Егер сақтандыру шартында басқа ережелер көзделмеген болса, сақтандыру сыйлықақысы (немесе оның бірінші бөлігі) сақтандырушының шотына немесе кассасына түсken күннен кейінгі күнгі сағат 00:00-ден бастап сақтандыру қорғанысы қолданылуын бастайды, бірақ сақтандыру шартын жасаған күннен бўрын емес.
- 7.3. Егер сақтандыру шартында басқа ережелер арнайы көзделмеген болса, сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін төлеу кезінде сақтандыру шарты өз қолданысын тоқтатпайды, сақтандыру қорғанысы жасалған сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасы мен төленген сақтандыру төлемінің мөлшері арасындағы айырмашылыққа тең сомада өз күшін мерзім аяғына дейін сақтап қалады.
- 7.4. Сақтандыру өтемі қолданылатын аумақ Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі. Тараптардың келісімімен сақтандыру шартының географиялық қолданыс шегі әрі кеңейтілуі, әрі шектелуі мүмкін. Кез-келген жағдайда сақтандыру өтемі қолданылатын аумақ сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) көрсетіледі.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

- 8.1. Сақтандыру шарты сақтандырушы белгілеген және сақтандыру шартының құрамдас және ажыратылmas бөлігі болып табылатын формадағы қағаз/электрондық түрде толтырылған сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Сақтанушы өтінішті толтыру кезінде өзіне белгілі болған, сақтандыру жағдайының басталуы ықтималдығын анықтау үшін маңызды мәні бар барлық мән-жайлар туралы сақтандырушыға хабарлауға міндettі. Өтініште немесе сақтандыру шартына қатысты басқа күжатта, сондай-ақ сақтандырушының сауал хаттарында көрсетілген мәліметтер маңызды мәндер деп танылады.
Маңызды мән-жайларға қатысты сақтандырушының жазбаша сауал хатында көрсетілген сұрақтарға сақтанушының жауаптары болмаған кезде сақтандыру шарты жасалмайды.
Егер сақтандыру шарты сақтандырушының қандай да бір сұрағына сақтанушыдан жауап алмай тұрып жасалған болса, онда тиісті мән-жайларды сақтанушы хабарламауының негізінде ол кейіннен сақтандыру шартын бұзуды немесе сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
- 8.2. Сақтанушы өзі берген мәліметтердің шынайылығы үшін жауапты болады.
- 8.3. Сақтандыру шарты интернет-ресурстар арқылы (онлайн) жасалуы мүмкін. Сақтандыру шартын интернет-ресурсы арқылы жасауға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған.
- 8.4. Сақтандыру шартын жасау үшін сақтанушының мәліметтерінен (сақтанушының мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 11 -ші бет
--	--	--	-------------------------

түпнұсқасымен салыстырып тексерілген жеке басын куәландыратын деректер – жеке тұлғалар үшін;

тіркеу туралы куәлігі, статистикалық карта, БСН куәлігі, - заңды тұлғалар үшін) басқа сактандырушы сақтандыру тәуекелінің дәрежесін сипаттайтын қосымша құжаттарды да сұратуы мүмкін.

- 8.5. Қажет жағдайда қылмыстық жолмен алған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі КР заңнамасының талаптарын сақтау үшін сақтанушы Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.
- 8.6. Сақтанушы етініш-сауалнамаға қол қою арқылы өзі жасап жатқан операция қылмыстық жолмен алған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және терроризмді қаржыландырумен байланысты емес екенін раставиды.
- 8.7. Сақтандырушы себептерін түсіндірмей-ақ, сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.
- 8.8. Егер бірнеше адам сақтандырылуы тиіс болса, сақтанушы сақтандырушыға сол адамдардың тізімін, олардың сауалнамалық деректері мен әр сақтандырылуышыға сақтандыру сомасын көрсетіп береді, ол тізім сақтандыру шартының ажыратылmas бөлігі болып табылады.
- 8.9. Егер сақтандыру шартын жасағаннан кейін сақтанушының сақтандырушыға тәуекел дәрежесін анықтау үшін маңызы бар мән-жайлар туралы әдейі жалған мәліметтер бергені анықталса, сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды алап етуге және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген салдарды қолдануға құқылы.
- 8.10. Сақтандырушы сақтандырылуышының денсаулығының нақты күй-жайын бағалау үшін оны медициналық мекемеде тексеруден өтүін тағайындауға құқылы. Сақтандырылуышы медициналық тексеруден өтуден бас тартқан немесе сақтанушы өзінің денсаулығының жағдайы туралы құжаттарды бермеген жағдайда, сақтандырушы сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы, ал егер сақтандыру шарты жасалып қойған болса, оны бұзуды талап етуге құқылы.
- 8.11. Сақтандырылуышының күй-жайын тексеру нәтижесінде сақтандырушыға келіп түскен ақпарат қатаң құпия болып табылады. Алайда, сақтандырушы тәуекел дәрежесін бағалау үшін және қайта сақтандыру шартын, бірге сақтандыру шартын және т.б. рәсімдеу үшін сақтандырылуышы туралы деректерді қажет көлемде қайта сақтандырушыға немесе басқа сақтандырушыға беруге құқылы. Сақтандырылуыш туралы деректерде арашыларға тек сақтандыру мақсаты үшін қажет шамада ғана беріледі.
- 8.12. Сақтандыру шарты жазбаша түрде:
 - 1) сақтандыру шартын тараптар жасау;
 - 2) сақтанушыны сақтандырушы біржақты тәртіpte әзірлеген Сақтандыру ережесіне немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сақтандырудың үлгілік шарттарына қосу (қосылу шарты) және сақтанушыға сақтандырушы белгілеген электрондық түрде сақтандыру полисін рәсімдеу арқылы жасалады.
- 8.13. Егер сақтандыру шартын жасағаннан кейін сақтанушының еркіне қарамастан тәуекел дәрежесінің артуы (тәуекелдің объективті артуы) орын алса, онда сақтандырушы болжалданған бұзу күнінен 30 (Отыз) күн бұрын ол жөнінде сақтанушыға хабарлау арқылы сақтандыру шартын бұзуға құқылы.
- 8.14. Егер сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде жүзеге асқан өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір әсер етуі мүмкін болса, сақтанушы сақтандыру шартын жасау кезінде хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған маңызды өзгерістер туралы сақтандырушыға хабарлауға міндетті.
- 8.15. Егер тәуекел дәрежесінің артуы туралы хабарлау сақтанушы тәуекел дәрежесінің артуы туралы ақпаратты алған күннен бастап 3 (Үш) жұмыс күні ішінде хабарлаған болса, ол хабарлама уақытылы хабарланған болып саналады.

 ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан еркіті сақтандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 12 -ші бет
--	--	--	-------------------------

- 8.16. Тәуекел дәрежесінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы хабарлама алған сақтандырушы сақтанушыдан сақтандыру шарттарын өзгертуді және артқан тәуекелге тең мөлшерде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуде талап етуге құқылы.
- 8.17. Егер сақтанушы сақтандыру шартының ережелерін өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл орайда, сақтандырушы өзінен шықкан шығыстарды және сақтандыру сыйлықақысының белгілін сақтандыру қолданылған уақытқа тең етіп ұстап қалу арқылы сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтарады.
- 8.18. Егер сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар жойылған болса, сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.
- 8.19. Сақтанушы сақтандыру шартында көзделген міндеттерін орындаған кезде сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды және сақтандыру шартын бұзудан келген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. Егер сақтанушы өз міндеттерін орындаған кезеңде сақтандыру жағдайы басталған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінara бас тартуға құқылы.
- 8.20. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандырушыға жазбаша хабарлап, сақтандырылуши болып саналмайтын пайда алушыны ауыстыруға құқылы.
- 8.21. Сақтандыру шартында көрсетілген, бірақ сақтанушы болып саналмайтын сақтандырылуши сақтандырушы мен сақтандырышуның келісімімен басқа сақтандырышуымен ауыстырылуы мүмкін (топтық сақтандыруды қоспағанда).
- 8.22. Сақтандыру шартын (полисті) жоғалтқан кезде сақтандырушы сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде оған сақтандыру шартының (полистің) дубликатын беруге міндетті. Сақтандыру шартының бланкісін әзірлеуге және оның дубликатын рәсімдеуге кеткен шығындарды сақтанушы өтейді, өтелген шығындардың жалпы сомасы өтініш берген күнгі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

- 9.1. Сақтандыру төлемі келтірілген зиянның мөлшерінде, бірақ сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасынан (сақтандырушының жауапкершілік лимитінен) аспайтын мөлшерде төленеді.
- 9.2. Егер сақтандыру шартында басқа ережелер көзделмеген болса, залал мөлшерін сақтандырушы өзі жүргізген зерттеу шараларының және жасалған калькуляцияның негізінде, сақтандыру жағдайы басталған сәттегі сақтандыру сомасын есепке ала отырып айқынайды. Тараптардың әрбірі тәуелсіз сараптама жүргізуі талап етуге құқылы. Сараптама ақысы сараптама жүргізуге бастамашы болған тараптың есебінен өтеледі.
- 9.3. Сақтандыру шарты бойынша сақтанушы немесе сақтандырылуши – пайда алушы болып табылады. Сақтандырышуның жазбаша өкімімен қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкес сақтандыру төлемін алуға құқығы бар басқа тұлға пайда алушы болып тағайындалуы мүмкін.
- 9.4. Сақтандырушыға қойылған сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы (сақтандырылуши, пайда алушы) жазбаша түрде, сақтандыру шарты мен сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды қоса ұсынады.
- 9.5. Егер жазатайым оқиганың салдарынан мүгедектік белгіленген болса, сақтандыру сомасы бір сақтандырылушиға сақтандыру сомасының келесідей мөлшерлерінде төленеді:
- 1) I топ – сақтандыру сомасының 80,0 пайызы;
 - 2) II топ – сақтандыру сомасының 60,0 пайызы.
- Сақтандыру сомасы бұрын төленген сомаларды ескере отырып төленеді.
- Мүгедектік белгіленуге байланысты сақтандыру төлемін төлегеннен кейін басқа негіздермен (сақтандырышуның қайтыс болуын қоспағанда) сақтандырушы сақтандыру төлемін төлемейді.

 САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан еркіті сақтандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 13 -ші бет
--	--	--	----------------------

Сақтандырылуышыға «мүгедек бала» санатын белгілеген кезде сақтандыру төлемі сақтандыру сомасының 80,0 пайызы мөлшерінде төленеді.

Жазатайым оқигасының нәтижесінде сақтанушы (сақтандырылуыш) қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемі сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасының 100,0 пайызы мөлшерінде өтеледі. Бұл орайда, сақтандыру сомасы бұрын емделу үшін немесе мүгедектік үшін төленген сомаларды ескере отырып төленеді.

- 9.6. Егер сақтандыру жағдайының басталуына себеп болған оқиганың нәтижесінде сақтандырылуышының денсаулығы нашарласа (мүгедектіктің бұрынғыдан жоғары тобы белгіленсе) немесе ол қайтыс болса, онда сақтандырушы жәбірленушіден (пайда алушыдан) келіп түсken өтініш пен тиісті құжаттардың негізінде осы Ережеде белгіленген тәртіпте және мөлшерде сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеуге міндettі. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.
- 9.7. Мүгедектік белгіленбестен денсаулық бұзылған кезде сақтандыру төлемі Сақтандыру төлемдері мөлшерінің кестесіне сәйкес төленеді.
- 9.8. Егер сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырылуыш сол кестеге сәйкес төлем төлеу көзделген Сақтандыру төлемдері мөлшерінің кестесінің бірнеше баптары (баптардың тармақтары) бойынша жарапат (закым) алса, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемін өтемақының ең жоғары мөлшері көзделген бір бап бойынша төлейді.
- 9.9. Бірнеше сақтандыру жағдайы үшін төлемдердің жалпы сомасы сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.
- 9.10. Егер сақтандыру шартында басқа ережелер тікелей айтылмаған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді сақтандыру жағдайының басталғанын, оның басталу себептерін, сақтандыру төлемін алушының құқығын растайтын қажет құжаттардың ең соңғысы ұсынылған және тиісті сақтандыру актін бекіткен сәттен бастап 15 (Он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қабылдайды.
- 9.11. Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 15 (Он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.
- 9.12. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, сақтанушыға ол жөнінде жазбаша түрде, бас тартудың уәжді негізделген себептерін көрсете отырып, сақтанушы барлық қажет құжаттарды ұсынған күннен бастап 15 (Он бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды. Сақтанушыға (сақтандырылуышға, пайда алушыға) Қазақстан Республикасының заңнамасының ерекшеліктерін есепке ала отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін оның сақтандыру омбудсманына жүгінуге құқылы екені туралы хабарланады.
- 9.13. Сақтандырушы төмендегідей жағдайларда сақтандыру төлемін кейінге қалдыруға құқылы:
 - 1) егер сақтандырушының сақтандыру жағдайын растайтын құжаттардың шынайлығына уәжді күмәні болса – қажет құжаттар ұсынылғанға дейін;
 - 2) Егер құзырлы органдар сақтанушының, сақтандырылуышының, пайда алушының үстінен қылмыстық іс қозғаған болса және сақтандыру жағдайының басталуына себеп болған мән-жайларды терге жұмыстары жүргізіліп жатқан болса – тергеу жұмыстары аяқталғанша.
- 9.14. Егер Сақтандыру шартында алғашқы сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру шартының қолданысын тоқтату туралы көзделмеген болса, онда сақтандыру төлемін төлегеннен кейін сақтандырушының жауапкершілігінің көлемі төленген соманың шамасына азайтылады. Бұл орайда, сақтанушы қосымша келісілген сыйлықақы төлеп, сақтандыру сомасын қайта қалпына келтіруге/арттыруға құқылы.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- 10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы (сақтандырылуыш) міндettі:

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 14 -ші бет
--	--	--	----------------------

- 1) шұғыл түрде, бірақ сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап 3 (Үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, ол жөнінде сақтандырушыға жазбаша түрде хабарлауға. Сақтанушының дәлелді себептермен сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгіленген мерзімде хабарлауға мүмкіндігі болмаған жағдайда, онда ол себептерді құжаттармен растауы тиіс;
- 2) сақтандыру жағдайынан келген залалдарды азайту үшін барлық мүмкін болған шараларды қолдануға;
- 3) сақтандырушыға залалдың туындау себептерін көрсете отырып, сондай-ақ сақтандыру жағдайының себептерін анықтау және залалдың мөлшерін айқындау үшін сұратылған қажет құжаттарды беру арқылы, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша етініш беруге.
- 4) сақтануши мен сақтандырылуши бір тұлға болмаған жағдайда сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға ақпарат беру міндеті сақтандырылушиға жүктеледі. Егер сақтандыру жағдайының нәтижесінде сақтандырылуши қайтыс болған болса, онда сақтандырушыға хабарлау туралы міндеті сақтанушыға жүктеледі, ал егер ол бір мезгілде әрі сақтандырылуши да болған болса, - онда сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы пайда алушы хабарлауы тиіс;
- 5) жазатайым оқиға туралы құзыреттілігіне қарай (ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшелері, өрт сөндіру қызметінің органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, апат қызметіне және т.б.) тиісті органдар мен үйымдарға хабарлауға;
- 6) сақтандырушыға немесе оның өкіліне сақтандырылушины қарап тексеруге мүмкіндік беруге;
- 7) кінәлі тараптан залал сомасын алғаны туралы сақтандырушыға шұғыл хабарлауға;
- 8) сақтандыру жағдайының басталғаны үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 9) сақтандырушының талабы бойынша дәрігерлерге, медициналық мекемелерге және басқа тұлғаларға сақтандырушының талабы бойынша сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеу үшін қажетті құжаттарды (анықтамалар, қорытындылар және т.б.) сақтандырушыға беруге уәкілеттік беруге.

10.2. Сақтануши, пайда алушы, сондай-ақ сақтандырылуши сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеу үшін сақтандырушыға көмек көрсетуге міндетті.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

11.1. Сақтандырудың барлық бөлімдері үшін сақтандыру жағдайының басталғанын және шығындар мөлшерін растайтын құжаттар: сақтандыру шарты (полис);

- 1) сақтандыру шарты (полис)
- 2) сақтанушиның (сақтандырылушиның) мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген жеке басын күэландышратын деректер;
- 3) жазатайым оқиға немесе денсаулыққа келген басқа зақым туралы хабарлама және/немесе акт;
- 4) егер мүгедектік белгіленген болса, мүгедектік белгіленгенін растайтын уәкілетті мемлекеттік орган берген құжаттар;
- 5) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаға байланысты денсаулық сақтау үйимының денсаулыққа зиян келгені туралы анықтама немесе сақтандыру жағдайы орын алған күн мен мән-жайлары, диагноз, емдеу-диагностикалық (медициналық) шаралар көрсетілген басқа медициналық құжат;
- 6) сот-медициналық (паталогоанатомиялық) сараптаманың қорытындысы;
- 7) ауыр, топтық немесе өлімге алып келген жазатайым оқиғасы болған жағдайда – жазатайым оқигаларды арнайы тергеу акті;
- 8) егер болса, оқиға күәгерлерінен сұрақ алу хаттамалары және олардың түсініктемелері;

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 15 -ші бет
--	--	--	----------------------

- 9) егер болса, оқиға орын алған жердің жоспары, сұлбалары және фотосуреттері;
- 10) қажет жағдайда – стационарлық/амбулаториялық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме, рентген суреттері;
- 11) сактандыру жағдайының басталу факті бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда құзырлы органдар берген тиісті құжаттардың уәкілетті тұлғалар куәландырған көшірмелері;
- 12) пайда алушының мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген жеке басын куәландыратын деректер – жеке тұлғалар үшін;
- 13) заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы, сонымен бірге өкілдің мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген жеке басын куәландыратын деректер – заңды тұлғалар үшін;
- 14) сактандыру жағдайы басталған кезде келген залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында сақтанушы шығарған шығындарды растайтын құжаттар;
- 15) егер сактандыру төлемі туралы мәселені шешу үшін қажет болса, сактандыру жағдайына қатысты мәтіндік құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 16) келген залал үшін жауапты тұлғаға сактандырушиның кері талап қоюы үшін қажет құжаттар;
- 17) пайда алушының тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі және БСН (заңды тұлғалар үшін);
- 18) банктік деректемелерді көрсете отырып, сактандыру төлемін аудару туралы өтініш;
- 19) сақтандырушу қайтыс болған жағдайда – қоса ұсынылады: сақтандырушуның өлімі туралы дәрігер куәландырған құжат; құзырлы мемлекеттік органдар берген сақтандырушиның өлімі туралы куәлік (анықтама); егер сактандыру шартында пайда алушы көрсетілмеген болса, мұрагерлікке құқығын растайтын құжат;
- 20) егер сактандыру жағдайы жол-көлік оқиғасының салдарынан орын алған болса, келесідей құжаттар қосымша ұсынылады: Жол жүру ережесін бұзғаны туралы хаттама, әкімшілік құқықбұзушылық туралы қаулы, ЖКО сұлбасы, Жол жүру ережесін бұзғаны туралы хаттамаға толықтыру, ЖКО қатысушыларының жол полициясы органдарына берген түсініктемелері, ЖКО қатысушыларының медициналық куәландыру хаттамалары; сот қаулысы.

11.2. Құжаттарды қабылдап алған сақтандыруши ұсынылған құжаттардың толық тізімі мен оларды қабылдап алған күнді көрсетіп, өтініш берушіге анықтама беруге міндетті.

11.3. Сақтанушы осы Ережеде көзделген толық құжаттар топтамасын ұсынбаған жағдайда сақтандыруши шұғыл түрде, бірақ 5 (Бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, жетіспейтін құжаттар туралы сақтанушыға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

11.4. Егер сактандыру жағдайының белгілері бар оқиға факті бойынша қылмыстық іс жүргізіп жатқан органдар (бұдан әрі – органдар) қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарастырған болса, сақтандыруши сақтанушыдан қылмыстық іс қозғау туралы қаулының, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының, қылмыстық істі тоқтату тұру немесе тоқтату туралы қаулының көшірмелерін сұратуға немесе өзі органдарға тиісті сауал хат жіберуге құқылы.

11.5. Сақтанушы, сақтандырушу және/немесе пайда алушы осы тараудың талаптарын орындаған жағдайда сақтандыруши сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

11.6. Сақтандыруши жоғарыда баяндалған құжаттар тізбесін қысқартуға немесе Шартта және Сақтандыру ережесінде жазылған қосымша құжаттарды (Сақтандырушиның уәкілетті органы бекіткен және Шарт жасасу/полисті ресімдеу күні қолданыста болған және vic.kz сайтында жарияланған), егер нақты мән-жайларды ескере отырып, олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтауға және оның мөлшерін айқындауға мүмкіндік бермесе, талап етуге құқылы залал

12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТЕРІ

12.1. Сақтанушы құқылы:

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқиғалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 16 -ші бет
--	--	--	----------------------

- 1) сақтандырушыдан Сақтандыру ережесін, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) үшінші тұлғаның (сақтандырылуышының) пайдасына сақтандыру шартын жасауға;
- 3) сақтандыру шартын (полисін) жоғалтқан кезде оның дубликатын алуға;
- 4) сақтандыру шартының қолданыс кезеңі ішінде сақтандыру сыйлықақысын қайта есептеу арқылы, оған сақтандыру сомасының мөлшеріне, сақтандырылуышылардың санына және/немесе шығып кеткен адамдарды басқа адамдармен ауыстыруға қатысты езгертулер енгізуге (топтық сақтандыру кезінде);
- 5) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 6) **сақтандыру төлемін сақтандыру шартында көзделген тәртіпте, мерзімдерде және мөлшерде алуға;**
- 7) сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту немесе сақтандыру төлемінің мөлшерін азайту туралы шешімімен Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіпте дауласуға.

12.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын айқындау үшін маңызды мәні бар шынайы ақпаратты сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;
- 3) сақтандыру шартын жасау кезінде көрсетілген мән-жайларда өзіне белгілі болған едәуір езгерістер туралы сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша жасалған басқа сақтандыру шарттары туралы сақтандырушыға хабарлауға;
- 5) өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы ережелері мен нормаларын, сақтанушының кәсіби қызметіне байланысты машиналар мен жабдықтарды эвакуациялау және техникалық қызмет көрсету ережелерін сақтауға;
- 6) жазатайым оқиғасының нәтижесінде сақтандырылуышының өміріне немесе денсаулығына зиян келгену туралы өзіне белгілі болған жағдайда 3 (Үш) жұмыс күні ішінде ол жөнінде сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
- 7) сақтандырылуышыны сақтандыру шартының ережелерімен таныстыруға;
- 8) сақтандыру жағдайынан келген залалдарды азайту шараларын қолдануға;
- 9) жәберленген сақтандырылуышының жағдайын тексеру үшін сақтандырушыға мүмкіндік беруге;
- 10) залал келтірген тұлғага кері талап қою үшін қажет құжаттарды сақтандырушыға беруге.

12.3. Сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының зандарына қайшы келмейтін басқа да құқықтар мен міндеттер көзделуі мүмкін.

12.4. Сақтанушының осы Ережеде көрсетілген міндеттері сақтанушыларға, сақтандырылуышыларға және пайда алушыларға тең мөлшерде қолданылады.

Сақтандырылуышының немесе пайда алушының сол міндеттерді орындауда – оларды сақтанушы орындаған жағдайдағы салдар әкеледі.

12.5. Сақтандырушы құқылы:

- 1) сақтанушы берген ақпаратты, сондай-ақ сақтанушының сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындаудын тексеруге;
- 2) құзыреттілігіне қарай тиісті мемлекеттік органдар мен үйымдардан сақтандыру жағдайының басталу фактін және сақтандырылуышыға келген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 3) жазатайым оқиғаларды тексеру жөніндегі комиссияның жұмысына қатысуға;
- 4) сақтандыру жағдайының себептері мен басқа да мән-жайларын анықтау үшін сақтандырылуышының өміріне, денсаулығына келген зиянға бағалау шарасын жүргізуғе;
- 5) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының (сақтандырылуышының) денсаулығына келген зиянның мөлшерін бағалау және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сараптамашының қызметін пайдалануға;

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 17 -ші бет
---	--	--	-------------------------

- 6) осы Ережеде көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға;
 7) осы Ереженің шарттарына сәйкес сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
 8) залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға төленген сақтандыру төлемінің сомасына кері талап қоюға;
 9) сақтандыру жағдайларының алдын алу бойынша ұсыныстар беруге;
 10) сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушыдан «Қылмыстық жолмен алған табыстарды зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар туралы» ҚР Заңына сәйкес мәліметтер мен растайтын құжаттарды ұсынуды талап етуге;
 11) «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес Сақтанушының жосықсыз іс-қимылдарының белгілері анықталған кезде 30 (Отыз) қунтізбелік қунге дейінгі мерзімге сақтандыру төлемін төлеуді тоқтата тұруға, сақтандыру төлемін тоқтата тұрган күннен кейінгі күннен кешіктірмей тиісті тексеру шараларын жүргізетіні туралы көрсетуге.

12.6. Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыруға және оның талабы бойынша оған Ереженің қошірмесін беруге (жіберуге);
- 2) сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда – оның дубликатын беруге;
- 3) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;
- 4) сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін алу үшін ұсынылған құжаттарыңын толық тізімі мен оларды қабылдаған күн көрсетілген анықтама беруге;
- 5) сақтанушы сақтандыру жағдайы кезінде зазалдарды азайту үшін шығарған шығындарды сақтанушға (сақтандырылуышыға) өтеуге;
- 6) сақтандыру құпиялышын қамтамасыз етуге;
- 7) сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет барлық құжаттарды бермеген жағдайда сақтанушыға (сақтандырылуышыға) немесе жәбірленушіге (пайда алушыға) сақтандыру шартында белгіленген мерзімде жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға.

12.7. Сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының зандарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

12.8. Пайда алушы құқылы:

- 1) сақтандырушыдан сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) сақтандыру шартын жасау кезінде және сақтандыру шартының қолданыс кезеңі ішінде сол сақтандыру объектіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/жасалып жатқан сақтандыру шарттары туралы сақтандырушыға хабарлауға;
- 3) сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қоюға;
- 4) Ережеде көзделген тәртіпте және шарттармен сақтандыру төлемін алуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешімін дауласуға;
- 6) сақтандыру шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жасауға.

13. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

13.1. Сақтандыру шарты келесідей жағдайларда тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі аяқталуына байланысты;
- 2) сақтандыру сомасының мөлшерінде сақтандыру төлемін төлеген кезде;
- 3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуге және/немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын телеуге келіспеген кезде.

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 18 -ші бет
--	--	--	----------------------

4) сактандыру сыйлықақысын немесе кезекті сактандыру жарнасын төлеуді кешіктірген жағдайда.

13.2. Сактандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерімен қатар, төмендегідей жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) сактандыру объекті жойылған жағдайда;

2) егер сактандырушы сактанушыны ауыстыруға қарсы болмаса, ал Сактандыру шартында басқа ережелер көзделмеген болса, сактанушы мүліктік сактандыру объектісін адалаған жағдайда;

3) сактандыру жағдайының басталу ықтималдығы жойылған және сактандыру жағдайынан басқа мән-жайлар бойынша сактандыру тәуекелі тоқтаған жағдайда;

4) соттың сактандырушыны мәжбүрлі түрде тарату туралы шешімі занды күшіне енген жағдайда;

5) үәкілетті органның сактандырушыны еркіті таратуға рұқсат бергені туралы шешімі күшіне енген кезде.

13.3. Сактандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде көзделген мән-жайлар туындаған сэтten бастап сактандыру шарты тоқтатылған болып саналады, ол туралы мұдделі Тарап шұғыл түрде екінші тарапқа хабарлайды.

13.4. Егер Сактандыру шартында басқа ережелер көзделмеген болса, сактанушының, Сактандырушының Сактандыру шартының талаптарын орындауына байланысты сактандырушының талабы бойынша Сактандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде, төленген сактандыру сыйлықақысы (сактандыру жарналары) қайтарылмайды.

13.5. Егер сактандыру шартында басқа талаптар көзделмеген болса, Сактандыр шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда сактандырушы келесілерге құқылы:

1) өзінің шығыстарын, оларға сактанушыларды тартуға кеткен шығыстарды сактандыру сыйлықақысы сомасының 25% мөлшерінде өтеуді талап етуге;

2) сактандыру қорғанысы қолданылған уақытқа тең мөлшердегі сактандыру сыйлықақысының бөлігіне.

13.6. Сактанушы Сактандыру шартынан бас тартқан кезде, оның бас тарту себебі сактандыру шартының 13.2. тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, сактандырушыға төленген сактандыру сыйлықақысы немесе сактандыру жарналары қайтарылмайды.

13.7. Сактанушы – жеке тұлға сактандыру шартынан бас тартқан кезде, сактандыру шартын жасаған күннен бастап 14 (Он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сактандырушы сактандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сактандыру сыйлықақысының (сактандыру жарналарының) бөлігін және алған сактандыру сыйлықақысының (сактандыру жарналарының) 10 (Он) пайызынан аспайтын мөлшердегі сактандыру шартын бұзуга байланысты шығындарды шегере отырып, сактанушыға – жеке тұлғаға алған сактандыру сыйлықақысын (сактандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.

13.8. Сактанушы – жеке тұлға қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін қарыз алушының орындауы себебінен қарыз шартына байланысты сактандыру шартынан бас тартқан жағдайда сактандырушы алған сактандыру сыйлықақысының (сактандыру жарналарының) 10 (Он) пайызынан аспайтын мөлшердегі сактандыру шартын бұзуга байланысты шығындарды шегере отырып, сактанушыға – жеке тұлғаға алған сактандыру сыйлықақысын (сактандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.

13.9. Егер Сактандыру шарты Тараптардың келісімімен тоқтатылатын болса, онда сактанушы осы Ереженің 13.5. тармағының талаптарын ескере отырып, сактандыру сыйлықақысының бөлігін келесідей мөлшерлерде қайтарып алуға құқылы:

Сактандыру шартының күшіне енген сәтінен оны мерзімінен бұрын тоқтатқан сәтке дейін откен мерзім

Сактандырушы ұстап қалатын сактандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сактандыру сыйлықақысының %-мен)

15 күнге дейін

15,0

16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам	100,0

- 13.10. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен және сақтандыру шартымен басқа талаптар көзделмеген болса, Сақтанушы бұзу туралы шешім қабылдаудың себебін көрсете отырып, болжалданған бұзы күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын ол жөнінде сақтандырушыға міндettі түрде хабарлау арқылы Сақтандыру шартынан кез-келген уақытта бас тартуға құқылы,
- 13.11. Егер кейіннен Сақтандыру шартын жаңа мерзімге жасау арқылы Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылатын болса, сақтандырушы өзі шығарған шығыстарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сақтандыру шартынан сыйлықақысының есебіне есептеуге құқылы. Бұл ретте сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша соманың қалдығын шегере отырып төлейді.
- 13.12. Сақтандыру шартында Сақтандыру шартын бұзудың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа негіздер мен шарттар көзделуі мүмкін.
- 13.13. Сақтанушының Сақтандыру шартынан қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы жазбаша өтініші келіп түскен және/немесе сақтанушы (сақтандырылуши) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндettterін орындаған кезде сақтандырушы Сақтандыру шартынан қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап қолданысы тоқтатылатын Сақтандыру шартын тоқтатудың барлық жағдайларында сақтанушы Сақтандыру шартын (полисін) сақтандырушыға қайтаруға міндettі.

14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҚЫ

- 14.1. Сақтанушының залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін телеген сақтандырушыға сол сақтандыру төлемінің сомасында өтеді. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде өзінде бар және сол талаптың құқығын іске асыру үшін қажет барлық құжаттарды (сақтандыру төлемін төлегенге дейін) сақтандырушыға беруге міндettі.
- 14.2. Сақтанушы көрсетілген тұлғаға кінәрат қоюдан немесе оған талап қоюды іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтан бас тартқан кезде, сонымен қатар, сақтандырушыға кері талап қою үшін қажет құжаттарды беруден бас тартқан кезде, сақтандырушы залал келтірген тұлғаға кері талап қою тәртібінде одан өндіріп алуға болатын сақтандыру төлемінің бөлігін төлеуден азат етіледі.
- 14.3. Сақтанушы азаматтық заңнамамен белгіленген тәртіpte, залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын сақтандырушыға сақтандыру төлемінің көлемінен асатын

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 20 -ші бет
--	--	--	-------------------------

мөлшерде шегінуге, сондай-ақ ол тұлғаға басқа да талаптарын шегінуге құқылы. Ол құқықтардың ауысуы сактандыру шартында рәсімделуі мүмкін.

15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ

- Сақтанушы сактандырушыда сактандырылып жатқан сактандыру объектілеріне қатысты басқа сактандыру ұйымдарында жасалған сактандыру шарттары туралы хабарлауға міндettі.
- Екі жақты сактандыру кезінде әр сактандырушы сактандыру төлемін сақтанушыға өзімен жасалған шартқа сәйкес төлейді, алайда, сақтанушы барлық сактандырушыдан алған сактандыру төлемдерінің жалпы сомасы сактандырылуышардың өміріне, денсаулығына келген нақты залал сомасынан аспайды.
- Келген залалды басқа сактандырушылар өтегендіктен сактандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара азат етілген сактандырушы өзінен шыққан шығындарды шегере отырып, сактандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін сақтанушыға қайтаруға міндettі.

16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- Осы Ережеде тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.
- Сақтандыру шартын іске асыру барысында туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктерді тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтиже бермесе, даулар сактандырушының орналасқан жері бойынша, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіpte, шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- Сақтандыру шартының талаптарын өзгерту немесе сактандыру шартын толықтыру сақтанушы мен сактандырушының екі жақты келісімімен жүзеге асырылады. Сақтандыру шартында сондай өзгертулерді енгізуге пайда алушының келісімін міндettі түрде алу қажеттілігі қарастырылуы мүмкін. Сактандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісіммен рәсімделеді. Егер келісімде басқа шарттар көзделмеген болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сактандыру шарты қосымша келісімге барлық тараптар қол қойған сәтten бастап күшіне енеді.
- Сақтандырушының сактандыру шартының редакциясы мен сақтанушының сактандыру шартының редакциясы арасында сәйкесіздіктер анықталса, тараптардың келісімен сактандырушы сактанушының сактандыру шартының редакциясын қабылдауға құқылы.
- Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:
 - сақтанушыны, сактандырылуышыны, пайда алушыны ауыстырған кезде;
 - сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;
 - сақтандыру шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндептерін өзгерткен кезде;
 - сақтандыру шарттарын және сактандыру шартының ережелерін кез-келген түрде өзгерткен кезде.
- Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқа талаптар көзделмеген болса, бұл Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды сактандырушының Директорлар кенесі міндettі түрде бекіту арқылы енгізіледі.
- Сақтандырушы «Сактандыру қызметі туралы» Заның 15-2. Бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес сактандырушының интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдаланған жағдайда дербес деректерді жинау және өндеу кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етеді.
- Сақтанушы сыйлықақыны төлеу арқылы келесілерді растайды:

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан еркіті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 21 -ші бет
--	--	--	-------------------------

1) Сактандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен, электрондық түрде сактандыру шартын жасау/сактандыру полисін рәсімдеу күні қолданыста болған және vic.kz сайтында жарияланған сактандыру ережесімен келіскеңін және танысқанын;

2) Өзі жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террорлық қызметті қаржыландырумен, жаппай қырып-жою қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін;

3) №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Сактанушының, Сактандырылушиның (Пайда алушының) дербес деректерін Сактандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өндөуіне, сактауына және беруіне Өзінің келісімін, сонымен бірге Сактандырылушиның (Пайда алушының) келісімін:

а) Сактандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан ері – Бюро) деректерді алуға;

б) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға сактанушы (Сактандырылуши, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруге;

в) Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаның Сактанушы, Сактандырылуши (пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сактандырушыға беруге;

г) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;

д) Сактандырушының қызмет мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сактандырушының сактандыру құпиясын ашуына.

17.7. Сактандырушы дербес деректерді сактау мерзімін келешекте дербес деректерді сактаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сактандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сактандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

17.8. Сактанушы Сактандырылушиның (Пайда алушының дербес деректерін Сактандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өндөуіне Сактандырылушидан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 17.6. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті

17.9. Сактанушы Сактандырылушиның (Пайда алушының дербес деректерін Сактандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өндөуіне Сактандырылушиның (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.6. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

17.10. Қажет жағдайда Сактанушы ҚР қылмыстық жолмен алған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сактау мақсатында Сактандырушы сұраткан барлық құжаттарды беруге міндеттенеді.

Сілтеме. 2022 жылғы 12 шілдедегі № 138-VII «Қазақстан Республикасының кейір заңнамалық актілеріне сактандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-П «Сактандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес (2024 жылдың 1 қантарынан бастап күшіне енеді) Қағидаларына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (1.3 тармаққа, 1.4 тармағының 6) тармақшага,

 САКТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ страховая компания	Жазатайым оқигалардан ерікті сактандыру Ережесі	04.04.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	22 беттен 22 -ші бет
---	--	--	-------------------------

1.6, 2.1, 4.1, 4.5-4.9, 5.1, 6.2-6.4 тармақтарға, 6.5 тармағының 2) тармақшаға, 6.11, 7.1, 8.1, 8.3-8.6, 8.11 тармақтарға, 8.12 тармағының 2) тармақшаға, 9.5, 9.7, 9.8, 9.12, 11.1, 11.5, 11.6 тармақтарға, 12.1 тармағының 6) тармақшаға, 12.2, 12.5, 12.6, 13.11, 17.5-17.10 тармақтарға).